



НҰРДА- ҚАЗАЛЫ

№69
(2344)

Сенбі

6 қыркүйек
2025 жыл

Газет

2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

«ДАЛА КҮНІ – 2025»: КҮРІШКЕ АЛҒАШҚЫ ОРАҚ САЛУ РӘСІМІ ӨТТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтің қатысуымен Жалағаш ауданы Мақпалкөл ауылында «Дала күні – 2025» күрішке алғашқы орақ салу рәсімі өтті. Оған департамент, басқарма, инспекция басшылары, аудан әкімдері, облыстың зиялы қауымы мен шаруа қожалықтарының жетекшілері қатысты.

Облыс әкімі еңбеккерлерді егінге орақ түсуімен құттықтап, атқарылған жұмыстарды атап өтті.

«Бұл – диқандардың еккен бір дәні мың дән болатын, халықтың ризық-несібесін қамбасына құятын жауапты да салтанатты шағы.

Биыл облыс бойынша 186 600 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егіліп, оның ішінде күріш көлемі 80 900 гектар болды. Соңғы жылдардағы су тапшылығының кері әсерін Сыр диқандары қатты сезініп келеді. Осы жылы вегетациялық кезең өте күрделі жағдайда өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-

Жомарт Кемелұлы мен Үкімет басшысы Олжас Абайұлының, Үкімет мүшелерінің бастамасымен Сырдария өзенінің жоғарғы ағысындағы мемлекеттермен дер кезінде келіссөздер жүргізіп, үлкен қолдау жасалды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Үкімет резервінен 53 жылжымалы-дизельді насос алуға 1 млрд. теңге бөлініп, насостардың алғашқы легі жеткізіліп, шаруалар игілігіне пайдаланды.

Төтенше жағдайлар министрлігі еліміздің барлық өңірінен 139 қызметкерден құралған жеке құрамды, 25 дизельді қондырғыны көмекке жеткізіп, екі ай бойы су тапшылығы қалыптасқан аумақтарда уақытпен санаспай жұмыс атқарды.

Аймағымызда арнайы жұмыс топтары құрылып, суды тиімді пайдалану мақсатында егістікті кезектесіп суару мен қашыртқыдағы суды екінші рет пайдалануды жолға қойдық. Осындай қиындықтарға қарамастан, күріш көлемін ба-рынша шығынсыз сақтауға

қол жеткіздік. Дер кезінде қабылданған батыл шешімдер мен жүргізілген келіссөздердің арқасында егіс алқаптары сумен қамтамасыз етілді.

Осы сәтте, Президентімізге, Үкімет басшысына, құрметті Нұржан Молдиярұлы, Сізге және Сіз басқаратын ұжымға, Ауыл шаруашылығы, Төтенше жағдайлар министрліктеріне көрсетілген барлық қолдау үшін Сыр жұртшылығының атынан зор алғысымызды, шынайы ризашылығымызды білдіреміз.

Құрметті егінші қауым, баршаңыздың еңбектеріңізге сәттілік тілеймін! Алдағы «Алтын дән» мерекесінде зор табыстармен кездесейік!», – деді Н.Нәлібаев.

Мерекелік шарада Нұржан Нұржігітов диқандарды құттықтап, вегетациялық кезеңдегі күрделі жағдайға қарамастан жақсы жетістікке жеткеніне ризашылығын білдірді. Қызылорда облысының құрметті азаматы Бекмырза Еламанов бата берді.

Басқосуда ала жаздай мандайы күнге, табаны құмға күйген мәртебелі еңбек адам-

дары марапат төрінен көрінді. Атап айтсақ, бірқатар азаматқа Премьер-министрдің Алғыс хаты, Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі, Құрмет грамотасы, министрдің Алғыс хаты, Су шаруашылығы және ирригация министрлігінің «Су шаруашылығы саласының ардагері» төсбелгісі, Құрмет грамотасы табысталды. Сонымен қатар, салтанатты шарада Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен және облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталғандар да құрметке бөленді.

Жиында ауыл шаруашылығы техникаларының көрмесі ұйымдастырылып, ауылдың тыныс-тіршілігін бейнелейтін қойылымдар көрсетілді.

Айта кетейік, Сырдария өзеніндегі су деңгейінің төмендеуіне байланысты Сыр өңірінің егін шаруашылығында әртараптандыру жұмыстары жанданып, су үнемдеу техноло-

гиялары кеңінен енгізілуде.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

ҚАЗАЛЫЛЫҚТАР ОТАН АЛДЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ БОРЫШЫН ӨТЕУГЕ АТТАНДЫ

Ер жігіт елдің тұтқасы, Отанның қорғаны. Әскер қатарында қызмет етіп, Отан алдындағы парызын өтеуге әрбір азамат міндетті.

Қазалы ауданында Отан алдындағы борыштарын өтеуге әзір азаматтарды күзгі мерзімді әскери қызметке шығарып салуға орай патриоттық шара өтті.

Қазалы мәдени-демалыс кешеніндегі «Даңқ» аллеясында өткен шараға аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов, аудандық қорғаныс істері бөлімі бастығының міндетін атқарушы Дінмұхаммед Бекзадаев, ауған соғысының ардагері, «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері Күмісбай Серікбаев



және әскерге аттанушы азаматтардың ата-аналары мен аудан жастары қатысты. Патриоттық шара-

да Дәурен Тлеумбетов сөз сөйлеп, әскерге аттанғалы тұрған азаматтарға Отан алдындағы борыш-

тарын адал атқарып, әскери қызметте жақсы жағынан көрініп, еліміздің таңдаулы оқу орындарына түсу үшін

арнайы сертификатпен аман-есен оралуларына тілектестігін білдірді.

Шарада әскер қатарына аттанып бара жатқан жас сарбаз Бағдәулет Көшербай шығарып салушыларға ризашылығын білдіріп, Қарулы күштер сапында абыройлы қызмет ететіндігін жеткізді. Сондай-ақ өз қатарластарында әскери борышын абыроймен өтеуге шақырды.

Айта кету керек, күзгі мерзімді әскери қызметке аттанып жатқан 10 азаматта Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің шекара қызметінде әскери борыштарын өтейтін болады.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ҚАЛА КЕЛБЕТІ-ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕСІ



Қазалы қаласы соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқан аймақтардың бірі. Қалада инфрақұрылымды жаңарту, әлеуметтік нысандарды жөндеу, абаттандыру мен тұрғындардың өмір сапасын арттыру бағытында бірқатар жұмыстар атқарылуда. Осы орайда Қазалы қаласының қазіргі дамуы жайында қала әкімі Қайрақбай Орынбасаровпен тілдесіп, жетістіктер мен алдағы жоспарлар жайлы пікірін білдік.

- Қайрақбай Жақсыбайұлы қаланың басты даму бағыттары қандай? Қандай салаларға көңіл бөлінуде?

- 2025 жылға арналған жоспар бойынша инфрақұрылым, тұрғын үй құрылысы және әлеуметтік сала негізгі басымдыққа ие. Биыл 15 көше жөнделді. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан қаржы бөлініп, инженерлік желілер жаңартылды. №95 мектепке және балабақшаларға жөндеу жұмыстары жүргізілді.

- Қала экологиясына қатысты қандай шаралар қолға алынды?

- Жасыл аймақтарды кеңейту жұмыстары қарқын алууда. Экология –біздің ба-

сты назардағы мәселелердің бірі. 2025 жылы көріз жүйелерін жаңғырту жобасы басталды. Тұрмыстық қалдықтарды сұрыптап жинау жұмысы жолға қойылды. Сонымен қатар, 5 гектар жаңа жасыл аймақ жасалды, 6000 түп ағаш отырғызылды. Су арналары тазартылып, ауаның сапасын бақылау үшін жаңа экологиялық мониторинг жүйесі енгізілді. Көркейту, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарына 4 млн. 950 мың

теңге қаржы бөлініп, аталған жұмыстармен «ALISER Company» ЖШС-і айналысып келеді.

- Қаладағы жол құрылысы мен жөндеу жұмыстарының жай-күйі қалай?

- Жол инфрақұрылымын дамыту Қазалы қаласының басты басымдықтарының бірі. Соңғы жылдары көлік қозғалысын жақсарту және

жүргізілуде. Биыл бірқатар көше мен шағын көшелерге асфальт, қиыршық тас төсеу жұмыстары тамыз айынан бастап атқарылуда. Бұл жоба бойынша мемлекет тарапынан 718 млн.теңге қаржы бөлінді. Сондай-ақ, жаяу жүргіншілер жолдарын кеңейту мен жаңадан салу жұмысы қолға алынууда. Қаланың орталығындағы жарықтандыру желілері толықтай жаңартылып, жол бойына заманауи шамдар орнатылды.

Қоғамдық көлік аялдамалары жаңартылуда. Алдағы уақытта жол белгілері мен бағдаршамдар толық жаңартылып, көлік қозғалысын реттеудің заманауи жүйесі енгізілмек.

- Қалада спортты дамытуға қаншалықты көңіл бөлінуде?

- Қазіргі таңда спортпен шұғылданушылар саны артып келеді. Қалада балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт кешені бар. Сондай-ақ, қаланың 2-ші бөлігінде тұрғындарға арналған күнделікті жаттығу алаңдары тұрақты түрде жұмыс істеуде. Ендігі кезекте қаламыздан жабық спорт кешенін салу үшін жоба-сметалық құжаттар

млн. 798 мың теңге, аяқ су арықтарына су жіберу жұмыстарына 8 млн. 705 мың теңге көлемінде қаржы бөлініп, «Қазалы Келбеті -2019» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі жеңімпаз болып, тиісті жұмыстар жүргізуде. Аталған акция бойынша қазіргі уақытта қаладағы 21 мекеме мен кәсіпорындардың келісімдерімен қаланың көшелері, шет аймақтары, алаңдар мен саябақтар тазартылып жатыр. Сонымен қатар, қала тұрғындарының түн мезгілінде қаланың шет аймағына бей-берекетсіз қоқыстарды тастауы салдарынан заңсыз қоқыс төгетін орындар анықталып отыр. Оларды жою бағытында қала әкімдігінің қызметкерлері жұмыс атқаруда. Атап айттар болсақ, заңсыздықтың алдын алу мақсатында қала тұрғындарына ескертпе парақтары таратылып, тиісті түсіндірме жұмыстары жүргізіліп келеді. Түнгі мезгілде қала әкімдігі қызметкерлері тарапынан күнделікті рейд шаралары қолға алынып, қоқыс тастаған тұрғындарға айыппұл салынууда. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Ал, аяқ су мәселесіне келер болсақ, Қазалы қаласының көшелері мен саябақтардағы тал ағаштарына және тұрғындардың үй іргелік бақшалық жерлеріне аяқ су беру кестесіне өзгерістер енгізген болатынбыз. Атап айттар болсақ, қаланың батыс беткейінде орналасқан СНП-500/10 маркалы насос арқылы аптасына 4 күн, оңтүстік шығыс жақ беткейінде орналасқан СНП-500/10 маркалы насос арқылы аптасына 3 күн және солтүстік беткейінен арнайы жылжымалы насоспен аптасына 3 күн аяқ су беру қолға алынып тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр.

- Алдағы жоспарлармен бөліссеңіз?

- Жаңа өндіріс орындарын ашу, шағын және орта бизнесті қолдау, цифрлық технологияларды енгізу басты бағыт. 2026 жылға қарай қала халқы үшін қолайлы орта қалыптастырып, жаңа жұмыс орындарын құруды жоспарлап отырмыз. Қазалы – бәріміздің ортақ мекеніміз. Қаламызды көркейту жолында әрбір тұрғынның қолдауы мен еңбегі маңызды. Алдағы уақытта да бірлігімізді сақтап, жаңашылдыққа ұмтылсақ, Қазалыны жаңа белеске көтеретінімізге сенімдімін.

-Әңгімеңізге рахмет!

**Әңгімелескен
Ұлпан Жәдігерқызы,
«Тұран-Қазалы»**



тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру мақсатында көшелерді жаңарту қарқынды

дайындалған, қазіргі таңда қаржы мәселесін шешу жұмыстары қарастырылып жатыр.

- Елімізде былтырғы жылдан бастап «Таза Қазақстан» экологиялық республикалық акциясы жүргізілуде. Осыған орай барлық қалаларда көктем мен күз мезгілдерінде санитарлық-тазалық жұмыстары атқарылып жатыр. Қазалы қаласындағы санитарлық-тазалық жұмыстарының барысы жөнінде не айтар едіңіз?

- Қалада тазалық сақтау мәселесіне ерекше назар аударылып келеді. 2025 жылы жергілікті бюджеттен Қазалы қаласының санитарлық тазарту жұмыстарына 9



ЖОБА

ПРОЕКТ

КӨШЕЛЕР МЕН ТҰЙЫҚ КӨШЕЛЕРГЕ АТАУ БЕРУ
ЖӘНЕ ҚАЙТА АТАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және Облыстық ономастика комиссиясы отырысының 2025 жылғы 26 тамыздағы №2 қорытындысына сәйкес Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Әйтеке би кентіндегі келесі көшелеріне:
 - 1) Ермбет Көлдейбекұлы көшесімен қиылысатын атауы жоқ көшеге «Тәкей Есетовтің» есімі;
 - 2) Талант Бөріқұлақов көшесімен қиылысатын атауы жоқ көшеге «Әбжами Байшуақовтың» есімі;
 - 3) Дабыл Бекшеұлы көшесімен қиылысатын атауы жоқ көшеге «Нағымет Ыматтың» есімі;
 - 4) Әбубәкір Теміров көшесімен қатар жатқан атауы жоқ көшеге «Өмірзақ Ахметовтың» есімі;
 - 5) 5 кварталдағы Қорқыт ата көшесімен қиылысатын Қани Медетбаев көшесімен қатар жатқан атауы жоқ көшеге «Уснадин Сапаровтың» есімі;
 - 6) Дабыл Бекшеұлы көшесімен қиылысатын №8 атауы жоқ көшеге «Ізбасқан Ежегеевтің» есімі;
 - 7) 5 кварталдағы Айдарбек баба көшесімен қатар жатқан атауы жоқ көшеге «Шүкір Оспановтың» есімі;
 - 8) Дабыл Бекшеұлы көшесімен қиылысатын №5 атауы жоқ көшеге «Данияр Жұпарбаевтың» есімі;
 - 9) Дабыл Бекшеұлы көшесімен қиылысатын №6 атауы жоқ көшеге «Зейну Таңжарықовтың» есімі;
 - 10) 5 кварталдағы Әзімжан Әліпбаев пен Жетес би көшесі аралығындағы атауы жоқ көшеге «Жұмат Рашовтың» есімі;
 - 11) Дабыл Бекшеұлы көшесімен қиылысатын №7 атауы жоқ көшеге «Садуақас Махашовтың» есімі;
 - 12) 2 кварталдағы Жеті Ишан көшесімен қиылысатын Құлмұрат Қуатов көшесімен қатар жатқан атауы жоқ көшеге «Қалдан Бештембековтің» есімі;
 - 13) Әбубәкір Теміров көшесімен қатар жатқан атауы жоқ көшеге «Мағзам Жүрімбетовтің» есімі берілсін.
2. Әйтеке би кентіндегі келесі көшелері:
 - 1) «Біржан сал» тұйық көшесі «Белкөл» есімімен;
 - 2) «Дәстен Оразымбетов-1» көшесі «Айнакөл» есімімен қайта аталсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әйтеке би кентінің әкімі

А.Абиев

О ПРИСВОЕНИИ ИМЕНИ И ПЕРЕИМЕНОВАНИИ
УЛИЦ И ПЕРЕУЛКОВ

В соответствии с подпунктом 4) статьи 14 Закона Республики Казахстан от 8 декабря 1993 года «Об административно-территориальном устройстве в Республике Казахстан» и заключением областной ономастической комиссии

№2 от 26 августа 2025 года аким поселка Айтеке би Казалинского района РЕШИЛ:

1. Присвоить следующим улицам поселка Айтеке би:
 - 1) безымянной улице, пересекающей улицу Ермбет Колдейбекулы, имя «Тәкей Есетова»;
 - 2) безымянной улице, пересекающей улицу Таланта Борикулакова, имя «Абжами Байшуакова»;
 - 3) безымянной улице, пересекающей улицу Дабыла Бекшеулы, имя «Нағымета Ымата»;
 - 4) безымянной улице, параллельной улице Абубакира Темірова, имя «Умирзака Ахметова»;
 - 5) безымянной улице, пересекающей улицу Коркыт ата в 5 квартале, параллельной улице Кани Медетбаева, имя «Уснадина Сапарова»;
 - 6) безымянной улице №8, пересекающей улицу Дабыл Бекшеулы, имя «Ізбаксана Ежегеева»;
 - 7) безымянной улице, расположенной параллельно улице Айдарбек баба в 5 квартале, имя «Шукира Оспанова»;
 - 8) безымянной улице №5, пересекающей улицу Дабыла Бекшеулы, имя «Данияра Жұпарбаева»;
 - 9) безымянной улице №6, пересекающей улицу Дабыла Бекшеулы, имя «Зейну Танжарыкова»;
 - 10) безымянной улице между улицами Азимжана Алипбаева и Жетес би в 5 квартале, имя «Жумата Рашова»;
 - 11) безымянной улице №7, пересекающей улицу Дабыл Бекшеулы, имя «Садуакаса Махашова»;
 - 12) безымянной улице, расположенной параллельно улице Кулмурата Куатова, пересекающей улицу Жеті Ишан во 2 квартале, имя «Қалдана Бештембекова»;
 - 13) безымянной улице, расположенной параллельно улице Абубакира Темірова, присвоить имя «Мағзам Жүрімбетова»;
2. Следующие улицы в поселке Айтеке би:
 - 1) переулок «Биржан сал» переименовать в «Белколь»;
 - 2) улиц «Дәстен Оразымбетов-1» переименовать в «Айнаколь».
3. Контроль за исполнением настоящего решения оставляю за собой.
4. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким поселка Айтеке би

А.Абиев

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН
КҮРЕС – ҚОҒАМ ТАЛАБЫЖемқорлыққа
ЖОЛ ЖОҚ!

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді жемқорлықпен күрес – қоғам талабы. Мықты мемлекет болуымыз үшін жемқорлықсыз мемлекет болуымыз керек. Қазақстан Республикасының Президенті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін айтты. Сонымен қатар сыбайлас

байлас жемқорлық тек құқық бұзушылық емес, мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді төмендетеді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіреді. Сондықтан мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігіп, әрекет етуі керек. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттердің көпшілігінде бар. Қазақстан да одан сырт қалған жоқ. Өкінішке қарай, сыбайлас жемқорлық әлі де біздің қоғамның ауыр дерті болып отыр. Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекеттарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Қаналы БАҚЫТБЕК,
«Сарбұлақ» ауылдық округі әкімінің аппаратының бас маманы

ОРМАН-ДАЛА АЛҚАПТАРЫН ӨРТТЕН
ҚОРҒАЙЫҚ!

Өрт - барлық апаттың бастауы. Ол күрделі шығынға әкеліп соқтырады сөзсіз. Сондықтан оған деген немқұрайлықтан, селқостықтан арылуымыз керек. Өрт әртүрлі жағдайда шығуы мүмкін, сол өрттердің бірі орман - дала өрті. Жылдың көктем, жаз мезгілдерінде, әсіресе орман-дала өрті көп орын алып отырады. Өрт күннің қызуынан шөптердің құрап, көгеріп өзі өртенуінен және саяжайға дамалысқа барған азаматтар мен азаматшалардың ошақ құрып, от жағып, өртті өшірмей немқұрайлы қараусыз қалдыру салдарынан болады.

Табиғатты қорғауда орман шаруашылығы мекемесі қызметінің маңызы зор. Әрбір қорықшы өзіне бекітілген учаскесінде бақылауды күшейткен жағдайда өрттің шығуы да аз болар еді. Өрттердің шығу себептері шаруашылық басшыларының, жеке азаматтардың көктем айларында егіске, бау-бақша егуге даярлық кезінде өртке қарсы ережелерді сақтамауынан. Атап айтатын болсақ, егіс егетін жерлерді, су арналарын арам шөптерден тазарту үшін өртейді де, отты сөндірмей бақылаусыз қалдырып кетеді. Соның салдарынан олар желдің әсерімен жан-жаққа жайылып табиғатқа қыруар зиянын тигізеді. Осындай жағдайларды болдырмау үшін шаруашылық басшылары дала жұмысына бөлінген адамдардың өртке қарсы ережелерді қатаң сақтауын талап етуі тиіс.

Шапағат ЕРМЕКБАЕВ,
Қазалы ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау майоры

ҚЫРЫМ КОНГО ГЕМОМРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ

Қырым Кон-го геморрагиялық қызбасы – адамды ауру кене шаққан кезде жұғатын вирустық ауру. Аурудың қоздырғышы табиғи ортада кенелердің, жануарлардың (ешкі, қой, сиыр, жылқы) ағзасында болады.

Аталған ауруды тудыратын иксод кенелері жылы қанды организмнің қанымен қоректенетін болғандықтан, адамдар мен жануарларға аса қауіпті жұқпалы ауру жұқтырып, зиянын тигізуде.

Кене адам ағзасының температурасын 100 метр қашықтықта сезеді, жүру жылдамдығы 5-7 см/с, қоректенуі тәулігіне - 200 мг. қан, ал қорексіз кене бірнеше жыл тіршілік етеді. Кенелер қора-жайларда, қи қоқыста, құс ұясында, тышқан інінде, өсімдік түбінде болады.

Қырым Конго геморрагиялық қызбасы ересек адамдармен қатар балалар мен жасөспірімдер арасында да жиі кездеседі. Ауылдарда балалар мен жасөспірімдер үй шаруашылығымен (мал, қора тазалау, шөп жинау, мал бағу) айналысып, кенеден қорғануға немқұрайлы қарап, өз денсаулықтарына қауіп туғызуы жиі кездеседі және өлім жағдайына да әкелуде.

Бұл ауру адамдар табиғи ошақта болғанда кене шағу арқылы, көбіне науқастар мал қырқымы кезінде кездейсоқ кенелерді езіп жіберу немесе қайшымен қиып жіберу кезінде кененің ішіндегі биологиялық сұйықтықтармен жанасу арқылы, малдың үстіндегі кенені жалаң қолмен жүлғанда, мал сою кезінде, оны жіліктегенде және медицина қызметкерлері «апаттық жағдайда» (қолғаптың тесілуі), науқастың қаны медициналық манипуляция кезінде теріге немесе көзге, ауызға тиген жағдайда жұқтырып алуы мүмкін. Қырым қанды безгегін жұқтырған науқастар аса қауіпті. Кене сілекейі арқылы адамға жұққан вирустар қанда өте жылдам көбейеді. Бірінші кезеңде адамның ыстығы 39-40 градустан асып, басы ауырып, денесі түршігіп, кейде қалшылдап, беті мен адамның шырышты қабыршақтары қызарады. Адамның дәрмені құрып, бұлшық еттері ауырып, буындары қақсап, жүрегі айнып, құсады. 2-4 күннен кейін кеселдің геморрагиялық (қанды) кезеңі басталады. Науқастың жағдайы күрт нашарлап, шырышты қабыршақтары мен терілерінің кейбір жерлері қанталап, бөртіп, қызыл

дақтанып кетеді. Лейкоциттер мен тромбоциттердің санының күрт азаюына байланысты адам ағзасының ауруға төзімділігінің жойылуы және қан тамырларының жарақаттануынан қанталау мен қан ағу белгілері байқалады. Адамның мұрнынан, тістерінің қызыл еттерінен, кене шаққан жерлерінен қан ағады. Іші өтіп, бауыры ауырады, сары аурудың белгілерін береді. Осы аққан қандағы көкала қоздырғыштары айналасындағылар үшін қауіпті болып табылады. Сонымен қатар ауырғандардың өлімі 50-70 пайызға дейін жетеді. Жануарларда бұл ауру симптомсыз, белгісі жоқ, жеңіл түрде өтеді. Аталған індет мамыр, маусым және шілде айларында өршиді. Оған себеп, жартылай шөлді және шөлді аймақтарда «көкала» ауруын таратушы кенелер тіршілікке наурыз айында шығады да, қыркүйекке дейін белсенді өмір сүріп, өсіп - өнеді.

Кене шаққан жағдайда немесе денеңізге жабысқанын көрсеніз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Ол адамды жергілікті медициналық мекеме 14 күнге дене қызуын өлшеп, бақылауға алады. Егер осы бақылау кезінде дене қызуы

көтеріліп, аурудың алғашқы белгілері басталса дереу аурухананың жұқпалы аурулар бөліміне жолданып, науқасқа арнайы ем жүргізіледі.

Табиғатқа шығар алдында сырт киімдеріңізге репелленттер (кенелерді үркітетін аэрозольдар) сеуіп алыңыз;

Ашық түсті киім киіңіз, сол кезде киімге жабысқан кене бірден көзге түседі;

Шалбардың балағын етікке немесе шұлыққа салу, ұзын жеңді, жеңінде резинасы бар киім кию, жағасы жоғары түймеленетін, капюшоны бар киімдер кию қажет;

Демалу үшін ашық, күн көзі тікелей түсетін жерді таңдаңыз, сол жерден өзіңіз көлеңке жаппаңыз;

Үйге кіріп алдында киімдеріңізді, денеңізді түгелдей қарап шығыңыз және жаныңыздағы адамдардың денесінде кененің бар жоғын жиі тексеріп отырыңыз;

Мал басын, мал қораны, ауланы қоқыстардан тазалау, көктем және күз айларында кенеге қарсы өңдеу шараларын жүргізу қажет.

Гүлбану ОРАЗ,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

ҚАУЫН ШЫБЫНЫ – ӨТЕ ҚАУІПТІ ЗИЯНКЕС

Қауын шыбыны – бұл өзінің биологиялық ерекшеліктеріне байланысты өте қауіпті және жойылуы қиын зиянкестердің бірі. Орта Азиялық немесе Белуджин қауын шыбыны Қазақстанда, оның ішінде 2004 жылдан бастап Қызылорда облысында кездесті. Бұл карантиндік нысан болғандықтан өнімді сыртқа шығаруға тиым салынған. Бұл шыбын дернәсілдерімен зақымдалу бақша дақылдарынан өнім алуға үлкен зиян әкеліп, өнімді 50-100 пайызға дейін төмендетеді.

Қауын шыбыны құрт фазасында зиян келтіретін қауіпті зиянкес болып есептеледі. Зерттеулер нәтижесінде көктемде ержеткен шыбындары пайда болып қауын дақылдың жапырақтарының, сабақтарының бос қабаттарын тесіп, онан бөлініп шыққан шірешті сұйықтарымен қоректенетіні белгілі болып отыр.

Зиянкестің өмір сүру биологиясы оның басқа түрлерден өзгешелігі қауын түйнектерінің (диаметрі 3-5 см. болғанда) қабықты тесіп, ішіне жұмыртқа салады. Жұмыртқа 3-7 күндей дамиды. Тесілген орында қызыл қоңыр шырындылар пайда болып, ол жай көзге көрінеді. Жұмыртқадан шыққан құрты, әрекет етіп, азықтанып жоліз деп түйнектің тұқым жайласқан ортасына қарай жылжып отырады. Зақымдалған орындар қатты тесік болып, қаралтым реңге өзгеріп шіриді. Толық азықтанған құрты сыртқа 8-10 күнде қабықты тесіп шығып, жаз айларында 3-5 см. жерге барып топырақ беті тереңдігіне түсіп, қуыршаққа айналады. 12-15 күнде қуыршақтан шыққан ержеткен шыбындары 1-2 күнде шағылысып, 2-3 күнде жұмыртқа сала бастайды. Қауынның жас түйнектері бола қоймаса, қияр, қарбыздың жас түйнектеріне салуы мүмкін. Қауын шыбынының

1-ұрпағы 27-30 күндей дамиды деп болжанған.

Қауын шыбынына қарсы 1- реттік химиялық өңдеу шаралары Республикалық бюджет есебінен жүргізілді. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы №344 «Өсімдіктер карантині туралы» Заңының 18-бабы 2-тармағына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі және жер пайдалануындағы жер учаскелерінде карантинді объектілер мен бөтен текті түрлердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралар жеке және заңды тұлғалардың өз қаражаты есебінен жүргізіледі делінген.

Қауын шыбыны топырақта 10-15 см тереңдікте қыстайды. Карантиндік зиянкес қауын шыбынымен залалданған бақшалық жерлерге химиялық өңдеу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар алдағы жылдары бұл зиянкестерді таратпау үшін

агротехникалық шараларда қолданылу қажет. Ол үшін:

- залалданған түйнектерді 1-1,5 м тереңдікке көму;

- бақшалықты тегістеп сүдігер жырту;

- ол жерлерді 7-10 күнге суға бастыру керек.

Аталған агротехникалық шаралар қауын шыбынының қыстап қалған жұмыртқалары механикалық зақымдалуға, құстарға жем болуына және қыстағы суыққа үсуіне себеп болады.

Жоғарыда көрсетілген шаралар ерте күз айларында жүргізілсе қауын шыбынының таралуының азаюына септігін тигізеді.

М. ҚАРАСАЙ,
ҚР АШМ АӨК МИК-нің
Қазалы аудандық аумақтық инспекциясының
бас маман-өсімдіктерді қорғау және карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11277 дана.